

Жамбыл ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермеледің түрлері мен тәртібін, сондай-ақ ақшалай сыйақының мөлшерін айқындау туралы

Алматы облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 15 қантардағы № 46 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2018 жылы 7 ақпанда № 4519 болып тіркелді

"Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 3-бабының 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, Жамбыл ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Жамбыл ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермеледің түрлері мен тәртібі, сондай-ақ сыйақының мөлшері осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ертас Нұрлан Ертасұлына жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланған кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жамбыл ауданының әкімі

Ж. Дақабаев

Жамбыл ауданы әкімдігінің 2018 жылғы "15" қантар "Жамбыл ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермеледің түрлері мен тәртібін, сондай-ақ ақшалай сыйақының мөлшерін айқындау туралы" № 46 қаулысына қосымша

Жамбыл ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермеледің түрлері мен тәртібі, сондай-ақ ақшалай сыйақының мөлшері

1. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермеледің түрлері:

- 1) алғыс жариялау;
- 2) граммотамен марапаттау;
- 3) ақшалай сыйлықа беру.

2. Жамбыл ауданының Ішкі істер бөлімінің ұсынысы бойынша қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермеледеу мәселелерін Жамбыл ауданы Әкімдігімен құрылған комиссия қарайды.

3. Комиссия қабылдайтын шешім көтермеледеу үшін негіз болып табылады.

4. Көтермелеге түрлерін, соның ішінде ақшалай сыйлықақы мөлшерін, көтермелегешінің қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесін ескере отыра, әдетте, 10 есе айлық есептік көрсеткіштен аспайтын комиссия белгілейді.

5. Ақшалай сыйлықақыны төлеу үшін комиссия қабылдаған шешімге сәйкес, қосымша Жамбыл ауданының Ішкі істер бөлімі бастығының бұйрығы шығарылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК